

**"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 қарашадағы № 716 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы**

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 13 және 20-баптарына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2017 жылғы  
№ Жарлығына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір жарлықтарының**

**ТІЗБЕСІ**

1. "Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 7, 80-құжат).

2. "Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 Жарлығына өзгерістер

енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 348 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 60, 819-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" 2004 жылғы 1 қарашадағы № 1466 және "Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 866 Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 46-47, 458-құжат).

4. "Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін берілмейтін объектілер тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 172 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 3-4, 11-құжат).